

## Баспасөз хабарламасы

### «Миллиондық жеткізілім»

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Қылмыстық қауіп-қатерлер мен қоғамдық қауіпсіздік тәуекелдерін болжау орталығы жаңа алаяқтық толқын туралы ескертеді.

Шетелдік дереккөздердің ақпараты бойынша (<https://www.theguardian.com/money/2026/mar/01/cleaning-superstore-the-missed-delivery-text-scam-whatsapp>, <https://dzen.ru/a/aa5EsIuKNzrADYS3>) зиянкестер жаппай мессенджерлер мен SMS арқылы «жіберіп алған жеткізілім» туралы жалған хабарламалар жібереді.

Бір қарағанда мұндай хабарламалар зиянсыз көрінеді және курьерлік қызметтердің стандартты хабарламаларын еске салады. Мәтінде курьердің сәлемдемені тапсыра алмағаны және жеткізілімді қайта ресімдеу үшін арнайы параққа көшуді ұсынатыны көрсетіледі.

Алайда, көрсетілген мекенжай логистикалық компаниялардың ресми ресурстарын толығымен еліктейтін жалған сайтқа апарды.

Пайдаланушыға жеке мәліметтерін - Т.А.Ә., ЖСН, тұрғылықты мекенжайын көрсету, сондай-ақ жеткізілімді қайта жеткізу үшін аз соманы төлеу ұсынылады.

Тиісті ақпаратты енгізгеннен және төлем төлегеннен кейін қылмыскерлер құпия деректер мен банк деректемелеріне қол жеткізеді, бұл қаржылық шығындарға ғана емес, сондай-ақ Сіздің дербес деректеріңізді қылмыстық схемаларда әрі қарай пайдалануға да әкелуі мүмкін.

**Алаяқтардың құрбаны болмау үшін қарапайым, бірақ маңызды сақтық шараларын сақтау қажет:**

- егер Сіз жеткізілімді күтпейтін болсаңыз, мессенджер және SMS хабарлардан сілтемелер арқылы өтпеу;

- сайт мекенжайын мұқият тексеру - алаяқтық ресурстар көбінесе бір немесе екі әріппен, белгілермен ерекшеленеді;

- күдікті ресурстарға құпия және банктік ақпаратты енгізбеу;

- жеткізілімнің мәртебесін курьерлік қызметтердің, логистикалық компаниялардың ресми сайттары мен қосымшалары арқылы ғана тексеру;

- күдікті хабарламаларды алған кезде оларды елемеу және бұғаттау.

Аферистер азаматтардың сенімділігін және жеткізілім туралы хабарламаларға жылдам жауап беру әдетін белсенді пайдаланады. Сондықтан да мұндай схемалар шапшаң таралып, әркімге әсер етуі мүмкін.

**Цифрлық ортадағы сақтық - қаржылық ысыраптардан және дербес деректердің жария болуынан ең жақсы қорғау.**